21401770172

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылдын 4 шілде Іс № 5501-24-00-2/1769 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодарпедагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Досанова» жеке кәсіпкердің атынан Айман Кеңесбайқызы Досанова

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардың қатысуынсыз

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Досанова» жеке кәсіпкердің атынан Айман Кеңесбайқызы Досановаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

«Досанова» жеке кәсіпкердің атынан Айман Кеңесбайқызы Досанова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Досанова» жеке кәсіпкердің атынан Айман Кеңесбайқызы Досановадан «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына 8

452 (сегіз мың төрт жүз елу екі) теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

«Досанова» жеке кәсіпкердің атынан Айман Кеңесбайқызы Досановадан «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына 253 (екі жүз үш) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж төлеу бойынша шығыстар өндірілсін.

«Досанова» жеке кәсіпкердің атынан Айман Кеңесбайқызы Досановадан мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **Е. Магзумов**

Құжатқа қол қойылған: Магзумов Е. Т., 04.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.08.2024, судья Магзумов Е. Т., 19.08.2024

5501-24-3-1/1899